

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Домбыра

ЖАРИЯЛАНДЫ  
16.10.2025СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/183379/**Баибусинова Гульдана Дюсембаевна**

«М.Әуезов атындағы Көкжыра орта мектебі» КММ жанындағы

«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері

**Тақырыбы:** Домбыра**Оқу мақсаты:**

Домбыраның құрылысымен таныстыру

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:**

Домбыра аспабымен таныстыру. Домбыраның құрылысымен таныстыра отырып, домбыраға деген сүйіспеншілігін арттыру, қызығушылығын дамыту

**Күтілетін нәтиже:**

Ұлттық құндылықтармен танысады

**Қолданылатын әдіс-тәсілдер**

«Шаттық шеңбері» әдісі, ресустар арқылы саралау әдісі, «Ыстық орындық -1, 2» әдісі, «Автобус аялдамасы» әдісі, «Миға шабуыл» әдісі, «Бағдаршам» әдісі

**Ресурстар, дамытуш орта**

Домбыра аспабы, слайт, экран, ұлттық аспаптар, видео.

**Жоспарлау**

ҰОҚ кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
<b>Басталуы</b>	1Сәлеметсіңдер ме? Балалар бүгін қандай оқу іс-әрекеті? <b>Психологиялық дайындық:</b>	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жайнай түсті даламыз. Біз ерекше баламыз, Айтқан тілді аламыз. Қайырлы таң! Доброе утро всем нам! Доброе утро всем гостям!

<p><b>Негізгі бөлім</b></p>	<p><b>Домбыраның құрылысы:</b>  1. <b>Шанағы (кеудес)</b> – Қақпағы қорғаны, ішектері, дыбы шығаратын ойық, бет қақпағы, үлкен тиек, түйме.  2. <b>Мойыны</b> – пернелері  3. <b>Басы</b> – кіші ішек (шайтан тиек), құлақтары.  <b>Домбыраның түрлерімен таныстыру.</b>  Экран арқылы домбыраның жасалу жолдарын көрсету, балаларға арналған әр түрлі жеңіл індер жаттығулар көрсету.  <b>Домбыра құрылысы бірнеше бөліктен тұрады:</b>  басы, құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетқақпақ, ілгек және ішектер. Сондай-ақ, оның көптеген қосымша бөлшектері бар (тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме, өрнек, желкелік). Домбыра тиегі үш түрлі болады (шайтан тиек, негізгі тиек, табалдырық тиек).  Домбыра дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті бар тұт, қатты жынысты үйеңкі, емен секілді киелі ағаштардан, негізінен, екі түрлі әдіспен – құралып немесе ойылып (шауып) жасалады. Құрама домбыралардың шанағы жұқа тілшелерден құралып жасалса, бітеу домбыра тұтас ағаштан ойылады.</p> <p><b>Сұрақтар:</b>  v Домбыра неше бөліктен тұрады екен?  v Домбыраның неше тегі болады?  v Домбыраны қалай күтіп ұстауға болады?  <b>Тапсырма</b>  Домбыраның суретін салу</p>	<p>Тақырыпты түсінеді, тапсырмаларды орындайды, қосымша сұрақтарға жауап береді.</p>
<p><b>Қорытынды бөлім</b></p>	<p><b>Рефлексия</b></p>	